

Байгапанова Айгуль Болатқызының «Семей облысының әлеуметтік – экономикалық дамуы тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997 жж.)» атты диссертациясына

ІШКІР

Қазіргі уақытта қазақ халқы ұлттық жаңғыруға бағыт ұстап, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып отырған шақта еліміздің өзіндік төл тарихын жан-жақты зерттеу негізгі мәселелер қатырында екені белгілі. Өйткені еліміздегі тарихи мәселелерге деген методологиялық ұстаным, тұжырымдардың өзгеруі, шығармашылық ойлауға еркіндіктің берілуі, көптеген құнды тарихи деректердің ғылыми айналымға тартылуына жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

Байгапанова Айгуль Болатқызының «Семей облысының әлеуметтік – экономикалық дамуы тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997 жж.)» атты диссертациясы, еліміздің шығыс өңіріндегі мол тарихы бар шежірелі Семей облысының құрылу тарихы, даму кезеңдері, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың тұрмыс жағдайын, оның ауыртпалықтары мен қайшылықты кезеңдерін зерттеу өзекті мәселенің бірі болып табылады. Қазіргі кезеңдегі Абай облысының экономикасын дамыту, елдің әлеуметтік күрделі проблемаларды шешу басты міндеттердің бірі болып табылады. Сондықтан Семей облысының әлеуметтік - экономикалық даму тарихын және қарапайым еңбек адамдарының қажырлы еңбегі мен олардың әлеуметтік тұрмысын зерделеу аталған еңбектің маңыздылығын арттыра түседі.

Диссертацияның кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері және әдіснамалық негізі айқын. Тарихнамалық базасы мен деректері толық ашылған. Еңбекте республика тарихнамасында 1939-1997 жылдардағы Семей облысының әлеуметтік – экономикалық өмірінде орын алған өзгерістер бір жүйеге келтіріліп, жаңа теориялық көзқарас тұрғысынан зерттеліп отыр. Зерттеуде Семей облысындағы өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылығының экстенсивті жолмен өркендеу проблемасының теориялық-методологиялық негіздері жан-жақты терең талданған. Диссертацияның мазмұнынан туындайтын ұсыныстар мен пікірлер, тақырыптың ғылыми жақтары қазіргі әлеуметтік-экономикалық саладағы келелі өзгерістер негізінде тұжырымдалған. Проблеманы зерттеу барысында соңғы кезге дейін ғылыми айналымға еңбеген архив деректері арқылы әлеуметтік-экономикалық саланы басқаруда жүргізілген реформалардың мазмұны мен мәні зерттелген.

Сонымен қатар, зерттеудің үшінші бөлімінде тарихи білім берудің өзекті проблемаларына жан-жақты тоқталған. Зерттеу жұмысының ғылыми тәжірибелік маңызы сол, зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары жоғарғы оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнін оқытуда және аймақ тарихына қатысты мәселелерге байланысты арнайы курстарды жүргізу барысында пайдасы зор.

Диссертацияның ғылыми нәтижелері. Ғылыми-зерттеу жұмысының барысында зерттеуші төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық салада жүргізілген реформалардың нәтижелеріне талдау жасалып, нақты тарихи деректер негізінде тақырыптың мән-мазмұны анықталған;
2. Республикада осы жылдар аралығында жүргізілген кеңестік саясаттың шынайы бағыт-бағдары, қайшылықтары мен зардаптары анықталып, тәжірибесін ой елегінен өткізе отырып, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының табыстары мен қатар әлеуметтік жағдайының сапалық жағынан жоғары деңгейге жеткізе алмауының себептеріне шынайы баға берілген.
3. Семей сынақ алаңындағы жүргізілген сынақтардың халықтың денсаулығына орасан зор зиян тигізгенін туралы статистикалық мәліметтер арқылы нақтыланып, оның зардаптарын жан-жақты көрсетеілген.

Диссертацияда берілген тұжырымдар мен қорытындылары:

1. Жұмысты зерттеп-зерделеуде отандық тарих ғылымының соңғы жылдары шыққан тарихи шындықты қалпына келтіру тұрғысындағы еңбектер басты назарда болған. Еңбектің ғылыми жаңалығы мен қорғауға ұсынылатын тұжырымдары нақты дәйектілігіне көз жеткізеді.
2. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивтерінің қорларларынан алынған құжаттары арқылы талданған. Абай облысының мемлекеттік архивінің қорларының құжаттары пайдаланылған.
3. Қазақстанның қазіргі заман тарихы және Өлке тарихына курстарында заманауи оқытудың әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып, тарих сабағында қолданудың тарихи құжаттарды пайдаланудың жолдары берілген.

Диссертациялық зерттеу жұмысының өзекті мәселелері, ғылыми және қолданбалы міндеттерді шешудегі бағыты ғылыми-зерттеу жұмысының талаптарына толық жауап береді.

Қорыта айтқанда, Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы дербес, бірегей және толық аяқталған жұмыс болып есептеледі. Диссертациялық зерттеу жұмысы «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» қойылатын талаптарына сай келеді. Докторант А.Б. Байгапанова 6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп санаймын.

Пікір берген:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор м.а.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің профессоры К.К. Байсарина

қолын растаймын

Персоналды басқару және ҚАБ басшысы

« 01 » 11 20 23 ж.

